



5 | «ҮЗДІК МЕЙІРГЕР - 2025» қалалық кәсіби байқауы



14.03.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде 2025 жыл Жұмысшы мамандықтар жылына орай №3 арнайы пәндер ЦӘК оқытушыларының ұйымдастыруымен «Мейіргер ісі» мамандығы бойынша IV-курс студенттерінің арасында «Үздік мейіргер – 2025» қалалық кәсіби байқауы өткізілді.

Байқаудың мақсаты: байқауға қатысушы студенттердің бәсекеге қабілеттілігі мен кәсіби ұтқырлығын арттыру, теориялық білімдері мен тәжірибелік дағдылардың мамандығына сай құзыреттілікті қалыптастырып, кәсіби жұмыс істеуге дайындау, зияткерлік танымпаздығын және біліктілігін ашу.

«Үздік мейіргер – 2025» қалалық кәсіби байқауының қатысушылары:

- 1.«Тараз-Болашақ жоғары медициналық колледжі.
- 2.«АЛЕМ» кәсіби білім беру колледжі.
3. «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК.

«Үздік мейіргер-2025» қалалық кәсіби байқауының әділ-қазылар алқасының төрайымы:

1. Бокушева Ляйля Туребаевна- Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Қалалық көп бейінді ауруханасы және консультативтік-диагностикалық орталығының» ШЖҚ МҚК бас дәрігердің мейіргер ісі жөніндегі орынбасары, Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының Мейіргер ісі жөніндегі үйлестірушісі.



Әділ-қазы алқасының мүшелері:

- 1.Сембекова Бибигуль Досаевна- Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы "Жамбыл облыстық тері-венерологиялық диспансерінің" ШЖҚ МҚК бас мейіргері.
2. Аманбекова Мира Турекуловна- Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы "№2 Қалалық емханасы" ШЖҚ МҚК бас мейіргері
4. Көпжасарова Марфуға Қалдасбековна - Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл облыстық көпбейінді ауруханасы» ШЖҚ МҚК бас мейіргері.
- 3.Маматаева Лаура Сабитовна-Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы "Жамбыл облыстық офтальмологиялық орталығы" ЖШС инфекциялық бақылау мейіргері
4. Жумашова Гульмира Илесовна - Жамбыл облысы"Садыхан кеңес беру диагностикалық медициналық орталық" ЖШС бас мейіргері.
5. Майпасова Айнагуль Садыковна - ЖО әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы "№6 Қалалық емханасы" ШЖҚ МҚК педиатрия бөлімінің аға мейіргері
- 6.Махамбетова Анар Ахметбекқызы-«ЖО әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының №5 арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну орталығы» КМК бас мейіргері.

Байқау 4 кезеңде өтті:

I- кезең. Тест-бақылау Теориялық білім деңгейін бағалау.

II- кезең. Үй тапсырмасы: «Жаңа Қазақстанның болашақ мейіргері: «Өткенді бағалаймыз, бүгінмен мақтанамыз,



болашақты жасаймыз». Таныстыру.

III – кезең. «Тәжірибе аймағы»

«Болашақ мамандығымның өмірдегі көріністері»

Болашақ Тәжірибелік дағдылардың орындалуын бағалау.



IV - кезең «Жетістікке қадамдар».

Шұғыл жағдайларда алғашқы көмек көрсету.

Байқауға қатысушылар клиникалық станцияларда шұғыл көмек көрсету дағдыларын орындады.



Байқаудың салтанатты ашылуында «Жамбыл жоғары медициналық колледж» ШЖҚ КМК директоры Ж.Н. Сарыбекова сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Байқау жеңімпаздары:



1. Бас жүлде- Лесбек Айбибі Сейітханқызы- «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК.

2. I –орын иегері- Қайратқызы Нұрсауле «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК.

3. II-орын иегері - Айдаралиева Сабина Ерболовна-«АЛЕМ» кәсіби білім беру колледжі

4. III- орын иегері - Ақбердиева Сабина Сагинбековна-«Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК.

Байқауға қатысқан қатысушылар мен жүлдегерлер бағалы сыйлықтармен, дипломдармен, жетекшілері Алғыс хатпен марапатталды.



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

ТӘРБИЕ САҒАТЫ

Колледжде өткізілген тәрбие жұмыстары.

01

ОБЛЫСТЫҚ ЗЕРДЕЛЕУ КОМИССИЯСЫ

02

АШЫҚ САБАҚ

Колледж оқытушыларының ашық сабақтары.

03

АПТАЛЫҚ

"Мейіргер - мәртебелі мамандық" тақырыбында апталықтығы өткізілді.

04

ҚАЛАЛЫҚ КӘСІБИ БАЙҚАУ

«Үздік мейіргер – 2025» қалалық кәсіби байқауы өткізілді.

05

НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ

«Наурызана» онкүндігі.

06

«ҮЗДІК ФЕЛЬДШЕР- 2025» БАЙҚАУЫ «ҮЗДІК АКУШЕР - 2025» БАЙҚАУЫ

07

«ДЕСМУРГИЯ-2025» БАЙҚАУЫ

08

ҚҰТТЫҚТАУ!

Колледж оқытушылары мен студенттердің жетістігі.

09





1 | ТӘРБИЕ САҒАТЫ



6.03.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде, Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен, «Балауса» қыздар клубы «Қыз – әдемілік пен іңкәрлік символы» тақырыбында диспут өткізілді. Қатысқан топтар: 104М-9/24, 106М-9/24, 131ЕФ-9/24, 210М-9/23, 223ЕФ-9/23. Жауаптылар: колледж психологтары.

13.03.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде «Бірлік бар жерде – тірлік бар» тақырыбында Қазақстандағы түрлі ұлт пен дін өкілдерінің бір-біріне деген татулығын, бірлікті, ортақ құндылықтарды насихаттау мақсатында «Қазақстан халықтар Ассамблеясы» мүшелерімен және «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерімен мотивациялық кездесу өтті.

Кездесу қонақтары: Юнусов Идрис Месизович – «Жамбыл облыстық «Вынхуа» дүнгендер этномәдени орталықтары» қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары және Досыбиева Валентина Николаевна – Жамбыл облысы әкімдігінің ақпарат және қоғамдық даму басқармасының «Қоғамдық келісім» КММ-нің этномедиакация кабинетінің меңгерушісі, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі.

Жауапты: әлеуметтік педагог Буксукбаева А.А.



14.03.2025 ж. Ш. Уалиханов атындағы Жамбыл облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының әкімшілігімен 22-наурыз мерекесіне орай “Елдің күштілігі-халықтың бірлігінде” “Fresh-Mix” этностар ақпараттық мәдениетінің апталығының өтуіне байланысты Жамбыл жоғары медициналық колледжінен “Емдеу ісі” бөлімінің 123ЛФ-9/24, 124 ЛФ-9/24 топ студенттері қатысып, түрік халқының дәстүр салтымен, мәдениет руханиятын таныстырды. Жауапты топ кураторы К. Сүйінбекұлы

13.03.2025ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде Тұманбай Молдағалиевтың туылғанына 90 жылдығына орай «Мейірімді болуым – анамның арқасы» атты әдеби таныстырылым өтті. Тұманбай Молдағалиев – сыршыл лиризмді дамытқан қазақтың біртуар ақыны.

Қатысқандар: 122 топ студенттері.

Ұйымдастырушылар: кітапханашылар.



27.03.2025ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде «Smart bala» жобасы аясында Ақпараттық технологиялар орталығы және тәрбие бөлімдерінің ұйымдастыруымен TED X форматында кездесу ұйымдастырылды. Кездесу тақырыбы «Медицина саласындағы IT стартаптар».

Кездесуге арнайы қонақ болып Дәуітбек Дәулет Әбілқасымұлы келіп қатысып, сұхбат берді. Дәулет Әбілқасымұлы Германиядағы Hopkins заңгерлік платформасының бас программисті және Жамбыл облысының тумасы. Сұхбатта IT саласындағы соңғы жаңалықтармен бөлісіп, жасанды интеллекттің медицина саласындағы жетістіктерін айтып, жеткізді.

Кездесуде студенттер, қызықтырған сұрақтарын қойып, жақсы жауаптар алып, жаңаша идеялардың басталуына себепші болды.

Жауапты: ақпараттық технологиялар орталығы, тәрбие бөлімі, колледж психологтары.

2 | ОБЛЫСТЫҚ ЗЕРДЕЛЕУ КОМИССИЯСЫ



12.03.2025 ж. Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабының 3-тармағының 7-тармақшасына сәйкес:

Сегізінші шақырылған Жамбыл облыстық мәслихатының экономика, жергілікті өзін-өзі басқару, әлеуметтік және құқықтық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының 2025 жылғы І-ші тоқсанындағы жұмыс жоспарына сәйкес «Мемлекеттік орта арнаулы оқу орындарының материалдық-техникалық базасы және оларды қаржыландыру жағдайын» зерделеу үшін облыстық мәслихаттық экономика, жергілікті өзін-өзі басқару, әлеуметтік және құқықтық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия келіп жұмыстарын жүргізіп кетті.

3 | АШЫҚ САБАҚ



13.03.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің №3 арнайы пәндер ЦӘК оқытушысы Н.Н. Сайлаубаева "Мейіргер ісі негіздері" пәнінен 203 М - 9/23 тобымен "Қарапайым физиотерапиялық емшараларды қолдану" тақырыбында колледжішілік

ашық сабақ өткізді.

Сабақтың мақсаты: студенттерге физиотерапиялық емшаралардың негізгі ұғымын түсіндіру. Қарапайым физиотерапиялық емшаралардың ағзаға әсер ету механизмі туралы түсінік беру. Физиотерапиялық емшаралардың мақсаты, қолдану көрсетілімдері, кері көрсетілімдері және асқинулары туралы түсінік беру.



17.03.2025 ж. №1 жалпы білім беру және жаратылыстану ғылыми пәндер ЦӘК оқытушысы А.Р. Махмуд "Математика" пәнінен 119ЕФ-9/24 тобымен "Қисықсыздықты трапеция және оның ауданы. Анықталған интеграл" тақырыбында сынамалы сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: қисықсыздықты трапецияның анықтамасы және Ньютон-Лейбниц формуласын оның ауданын табу үшін қолдану. Анықталған интеграл ұғымын білу және оны есептеу. Студенттерді адамгершілікке, ұлтжандылыққа, ізденімпаз ұрпақ болуға тәрбиелеу.

01.04.2025 ж. №1 Арнайы пәндер циклдық әдістемелік комиссия оқытушысы Л.М. Махамбетқұл «Пациенттің жағдайын клиникалық бағалау» пәнінен 142 ҚБ – 11/23 тобымен «Асқорыту ағзасының аурулары бар науқастарды тексеру әдістері. Мейіргер үрдісін ұйымдастыру» тақырыбында тәжірибелік ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты: студенттерді асқорыту ағзасының қызметі бұзылуының клиникалық белгілерімен таныстырып, түсіндіру. Асқорыту ағзасын тексерудегі зертханалық және аспаптық зерттеу әдістерін жүргізуді үйрету. Мейіргерлік процесті ұйымдастыру туралы теориялық білімдерін тереңдету, тәжірибелік маңызын түсіндіру.



4 | «МЕЙІРГЕР-МӘРТЕБЕЛІ МАМАНДЫҚ» АПТАЛЫҚ



10.03.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде №3 арнайы пәндер циклдық әдістемелік комиссия оқытушыларының ұйымдастыруымен "Мейіргер - мәртебелі мамандық" тақырыбында апталықтың ашылуы өткізілді.



Апталықтың мақсаты: заман талабына сай жан-жақты дамыған маман иесі болуға, Қазақстанның болашағына үлесін қосатын білімді де ізденімпаз, денсаулық сақтауда мейіргер ісін заман талабына сай жан-жақты дамытатын жетік маман ретінде тәрбиелеу.



«Мейіргер - мәртебелі мамандық» тақырыбында шебер класс өтті. Шебер класс мақсаты: студенттер мен оқытушыларға үй жағдайында, түрлі ағзалармен жүйелердің бұзылыстары кезінде алғашқы көмек көрсетуді үйрету.

12.03.25 ж. №3 Арнайы пәндер циклдық әдістемелік комиссия оқытушыларының ұйымдастыруымен 2025 жыл жұмысшы мамандықтар жылына орай колледж оқытушылары мен студенттерге арналған «Мамандығым - мақтанышым» тақырыбында колледж түлектерімен

кездесу кеші өтті. Кездесудің мақсаты: медицина саласындағы түлектермен кездесіп, болашақ маманның негізгі қызметімен, даму перспективалары, жұмыс берушінің мамандарға қоятын талаптарымен танысу.

Кездесу кешінің қонақтары:

1. Бокушева Ляйля Төребаевна - «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» «Қалалық көпбейінді ауруханасы және консультативтік-диагностикалық орталығының» ШЖҚ МКК бас мейіргері, Жамбыл облысының денсаулық сақтау басқармасы штаттан тыс бас мейіргері ісі маманы және мейіргер ісі бойынша үйлестіруші.

2. Копжанова Дариға Тұрсынбекқызы - ЖО әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл облыстық офтальмологиялық орталығы» ЖШС бас мейіргері.

3. Көпжасарова Марфуға Қалдасбековна - «ЖО әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық көпбейінді ауруханасы» ШЖҚ МКК бас мейіргері.

4. Мустафаева Айнұр Өскенбайқызы - Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы «Жамбыл облыстық оңалту орталығы» ШЖҚ МКК бас мейіргері.

5. Есенкулова Гульмира Торехановна - "Мейірім" МО мекемесі бас мейіргері.

6. Кенжегулова Камшат Жамбылқызы - «Аритмологиялық клиника» ЖШС бас мейіргері.

Келген қонақтарымыз студенттердің ойында жүрген сұрақтарына жауап беріп, өздерінің еңбек жолдарындағы кәсіби тәжірибелерімен бөлісті.

